

“Bal - Ayım” бөбекжай бақшасы

Әлемді тербеткен аяулы - Ана

Топ: “Балбөбек” ортаңғы тобы
Топ тәрбиешілері: Әбуова Әлима
Иманғали Нұрсауле

2024 – 2025 оқу жылы



30.03.2023
Б/Б мектеп
3. Әлемдік
еді

Тақырыбы: «Әлемді тербеткен аяұлы-ана!»

Мақсаты:

- Балаларға 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні туралы түсінік беру.
- Аналар мен әжелерге деген сүйіспеншілікті арттыру, сыйластыққа тәрбиелеу.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сценарий барысы:

1. Кіріспе бөлім:

(Балалар әсем әуенмен залға кіреді, гүлдер ұстап, әдемі шеңбер құрады.)

Тәрбиеші:

– Құрметті аналар, әжелер, қонақтар! Бүгінгі көктемнің ең тамаша мерекесі – 8 Наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Бұл күн – аналарымызға, әжелерімізге, апаларымызға деген сүйіспеншілігімізді, алғысымызды білдіретін ерекше күн. Ендеше, балалардың сіздерге дайындаған мерекелік өнерін тамашалаңыздар!

Балалардың тақпақтары:

(Әр бала бір шумақтан аналарына арналған өлең оқиды.)

Айзере:

Ана деген – өмір шырағы,

Ана деген – бақтың бұлағы.

Ана деген – асыл қазынам,

Құттықтаймын, ана, бүгін мен сені!

Абылайхан:

Айналайын, анашым,

Әлпештеген панасың.

Ұзақ өмір сүре бер,

Анашым, жанашырым!

(Балалардың барлығы бірге: «Анашым, сізді жақсы көреміз!» – деп айтады.)

2.Хор

«Анашым»әні

3. Ойын: «Анашым, мен сені танимын»

(Әр ана көзі байланған күйде өз баласын қолымен ұстап тануы керек.)

4. Би «Ертегілер»

(Қыздар әдемі көйлектерін киіп, гүлдермен би билейді.)

5. «Аналарымыздың бір күндік жұмысы» көрінісі (Альфия,Аяулым,Аяла,Айым)

6. Би «Анашым» (Ұлдар)

7.Ойын: «Даусын тап»

(Аналар теріс қарап тұрып,балаларының шақырған даусынан өз баласын табу керек)

8. Ойын: «Мерекеде аналарымызға көмектесіп қуантамыз.»

Абылай,Айзере,Ахмет,Жансу ойынға шығады

Тәрбиеші:

– Құрметті аналар мен әжелер! Бүгінгі кішкентай бүлдіршіндеріміздің сіздерге деген ықыласы мен махаббатына толы өнерін тамашаладыңыздар. Балаларымыздың аналарына аранаған кішкене сыйлығын қабыл алыңыздар. Дендеріңіз сау, жүздеріңіз жарқын, көңілдеріңіз шаттыққа толы болсын!

Осымен мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Қатысқандарыңызға рақмет!

